

Кел, Мамыр ай, салтанатыңменен ең құрып,
Ел бірлігін ту етіп көтер мәңгілік!

Достық – бақыт, ынтымақ – ырыс қайнары

Газет 1935 жылғы наурыздың 15-інен шығады



ТӨЛЕБИ ТҰЫ

ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТИ



№16 (8776) Жұма, 25 сәуір 2025 жыл.

Біздің веб-сайт: <http://www.tolebituy.kz/>

Электронды почта: tolebi_tuy@mail.ru

Бірлік – бауырластық негізі

Түрікменстан Халк Маслахатының Төрағасы Гурбангулы Бердімұхамедов Қазақстанға келді.

Президент мәртебелі мейманды Түркістан өуежайынан қарсы алды.



Қасым-Жомарт Тоқаев пен Гурбангулы Бердімұхамедов түркітілдес елдерге ортақ ең көрнекті рухани және тарихи-мәдени ескерткіштердің бірі, ЮНЕСКО Бүкіләлемдік мұралар тізіміне енген Қожа Ахмет Ясауи кесенесіне барды.

Мәртебелі меймандар әйгілі ойшылдың рухына тағзым етіп, Құран бағыштады. Сондай-ақ кесенеде жүргізіліп жатқан реставрациялық және ғылыми-зерттеу жұмыстарымен танысты.

Сондай-ақ Мемлекет басшысы мен Түрікменстан Халк Маслахатының Төрағасы «Өзірет Сұлтан» музей-қорығының аумағында орналасқан ұлттық-мәдени кешенді аралап көрді.

Қасым-Жомарт Тоқаев пен Гурбангулы Бердімұхамедов «Шығыс базарын» аралап, дәнді дақылдардың сұрыптарымен танысты.

Мәртебелі меймандарға ұлттық тағам түрлері, ағаштан түйін түйе, кілем тоқу, киіз басу, қыш және зергерлік бұйымдар жасау сияқты халық қолөнері шеберлерінің туындылары көрсетілді, салт-дәстүрімізді паш ететін театрландырылған қойылым ұсынылды. Сонымен қатар олар тазы ит пен қыран құстарды тамашалады.

Одан кейін Қазақстан Президенті мен Түрікменстан Халк Маслахатының Төрағасы Turkistan визит орталығына барды.

Меймандарға көне «Күлтөбе» қалашығының тарихи келбетін сақтау және абаттандыру жобасы туралы мәлімет берілді.

Қасым-Жомарт Тоқаев пен Гурбангулы Бердімұхамедов тарихи ескерткішті музейге айналдыру барысымен танысты. Қалашықтың 27 гектар аумағында археологиялық қазба жұмыстары аяқталған.

Сонымен қатар таяуда ашылатын «Қолөнершілер қалашығының» тұжырымдамасы таныстырылды. Оның ішінде шеберханалар, ұлттық тағам түрлерін ұсынатын орындар, «Шығыс базары» және шағын қонақүйлер орналаспақ.

Осы орайда биыл 25 наурызда Түркістанға World Craft Council халықаралық ұйымының шешімімен «Қолөнершілер қаласы» деген мәртебе берілгенін атап өткен жөн.

Бұдан бөлек, визит орталықта Қазақстан Президенті мен Түрікменстанның Ұлт көшбасшысы Қожа Ахмет Ясауи кесенесіндегі бірегей тарихи жәдігерлермен танысты.

AIQYN.

Құрметті аудан тұрғындары!

Ардақты ағайын!

Сіздерді 1 мамыр – Қазақстан халқының бірлігі күні мерекесімен шын жүректен құттықтаймын!

Халықтар арасындағы бірлік пен татулықты дәріптеуге арналған мерекенің

деді құттықтау сөзінде.

Халқымызда «Бақ қайда барасың – ынтымаққа барамын» деген даналық сөз бар. Бірлігі бекем, ынтымағы ырысты ауданымызда бүгінгі таңда 30-дан астам ұлттың өкілдері достықта, өзара сыйлас-тықта өмір сүруде. Ауданымыздағы 6

БІРЛІГІМІЗ БЕКЕМ, ЫНТЫМАҒЫМЫЗ ЫРЫСТЫ БОЛСЫН!

көпұлтты еліміз үшін маңызы зор. Қазақ елі мен жері – ежелден сан алуан мәдениеттер мен өркениеттерді тоғыстырып, қонақжайлық, бауырмашылдық, кеңпейілдік, үлкенге ізет, кішіге құрмет секілді асыл қасиеттерімен танылып келеді.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы «Бұл – татулық пен тыныштықтың, тұрақтылық пен бейбітшіліктің символы саналатын мерейлі мереке. Қазақ жерін мекен еткен сан алуан этностың мәдениеті, діні мен дәстүрі өзара үндесіп, бірегей өркениетке айналды», –

этномәдени орталық Төле бабамыздың «Ынтымақ – ырыс қайнары» деген даналығын алға тарта отырып, ортақ мақсат пен мүдде жолында еңбек етуде.

Бәріміздің басты арманымыз баянды бірлік пен кемел келісіммен өмір сүру. Татулық пен бірлікті сақтау ең алдымен әрбіріміздің қажырлы еңбегіміз бен өзара түсіністігімізге, ішкі тұрақтылығымыз бен пайымды парасаттылығымызға байланысты. Бағындырған бөлестеріміз бен жеткен жетістіктеріміз ұлтаралық ауыз-бірлік пен шынайы түсіністіктің, ең бастысы, Қазақстанға ғана төн салиқалы саясаттың жемісі.

Бірлігі жарасқан жұртымыздың абыройы асқақ болсын! Әр шаңырақта татулық пен өзара сыйластық болсын!

Сіздерге зор денсаулық, бақ-береке және толағай табыс тілеймін!

Ізгі ниетпен, аудан әкімі
Е.ӘЛІМҚҰЛОВ.

Диқандарда тыным жоқ

Бұрынғылар «Көктемнің бір күні – жылға азық», – деп өсиет қалдырыпты. Шынында да солай, көктем кешігуді күтпейді. Тасарық ауылдық округіндегі Әбді-нұр Шәйнеков басшылық жасайтын «Бірлік» өндірістік кооперативінің еңбеккерлері әдеттегідей көктемгі дала жұмыстарына дер кезінде кірісті. Наурыз айының алғашқы күнде-рінде ауыл орталығынан шалғайда, Қазығұрт тауы-ның арғы қапталындағы Еңбекші учаскесіндегі 300 гектар алқапқа мақсары егіп, көктемгі дала жұмыстарын ауыл маңындағы егіс алқаптарында жалғастырды. Жалпы, осы көктемде барлығы 600 гектарға мақсары, 100 гектарға арпа екті. Бүгіндері дер кезінде егілген егін

көктеп шығып, бой көтере бастады.

«Бірлік» өндірістік кооперативіндегі диқандардың тыныс-тіршілігінен хабардар болғымыз келіп шаруашылық басшысы Ә.Шәйнековпен хабарласқанбыз.

– Көктемгі дала жұмыстарын аяқтап, Ақсудағы күздік егістікті аммиак селитрасы тыңайтқышымен үстеп қоректендірудеміз. Барлығы 600 гектар күздікке тыңайтқыш сіңіреміз. Бүгінге дейін бұл жұмыс 450 гектардан астам алқапта атқарылды. Тау баурайына екі күн бойы жаңбыр жауып, жерге ылғал сіңіп, егістігіміз бой көтере бастады.

Көктемгі ауыл шаруашылығы жұмыстарына инженеріміз Баймахан

● Егістіктен ескен леп

Оралбаев, механик Жасұлан Ертаев, механизаторларымыз Үмітжан Тәжібаев, Мұрат Исабаев және басқалар белсене атсалысты, – дейді Әбдінұр.

«Бірлік» өндірістік кооперативінің еңбеккерлері орталық шеберханада ауыл шаруашылығы техникаларын мал азығын жасақтау мен егін орағына дайындауға да жұмыла кірісіпті. Бір сөзбен айтқанда, диқандарда бір күн де тыным жоқ.

С.ОРЫНБАСАР.

«Бірлік» өндірістік кооперативі,
Тасарық ауылдық округі.



Ынтымақты елдің болашағы баянды

Қазақстан – жүзден астам ұлт пен ұлыс өкілдері бейбіт өмір сүріп жатқан бірегей мемлекет. Осы көпэтносты қоғамның татулығын, достығын және өзара құрметін дәріптейтін ерекше мереке – 1 Мамыр – Қазақстан халықтарының бірлігі күні.

Бұл күн – еліміздегі барлық ұлттардың ортақ мерекесі. Ол бірліктің, келісім мен тұрақтылықтың айғағы. Әр ұлт өз тілі мен дінін, салт-дәстүрін сақтай отырып, Қазақстан атты ортақ шаңырақ астында өмір сүріп келеді.

Бірлік пен келісімнің жарқын үлгісіне айналған мемлекетіміздің басты құндылығы – ел ішіндегі татулық. Ал осы татулықты сақтап, нығайту жолында қызмет етіп келе жатқан бірегей институт – Қазақстан халқы Ассамблеясы. Биыл елімізде Ассамблеяның 30 жылдығы аталып өтуде. Қазақстан халқы Ассамблеясы – бірлік пен ынтымақтың нақты көрінісі. Ол түрлі этнос өкілдерін біріктіріп, ортақ құндылықтарға негізделген қоғам құруға бағытталған. Елдегі әр ұлттың мәдени орталықтары, тіл мен дәстүрге құрмет, этномәдени фестивальдер – осының айғағы. Қазақстан халқы Ассамблеясы – татулық пен тұрақтылықтың тірегі.

Ассамблея 1995 жылы 1 наурызда Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың бастамасымен құрылды. Ол мемлекет пен қоғам арасындағы сенімді, ұлтаралық және конфессияаралық келісімді қамтамасыз етудің тиімді тетігі ретінде өз миссиясын атқарып келеді.

Ассамблеяның басты мақсаты – елдегі барлық этностар арасында өзара түсіністік пен құрметті нығайту, бейбітшілік пен тұрақтылықты сақтау. Бүгінде Қазақстан халқы Ассамблеясының құрамында 500-ден астам этномәдени бірлестік жұмыс істейді. Олар ұлттық мәдениетті, тілді, салт-дәстүрді сақтап, дамытуға үлес қосып келеді.

Ассамблея бастамасымен елімізде көптеген маңызды жобалар жүзеге асырылып жатыр. Мәселен, «Мәңгілік Ел», «Бірлігіміз – әралуандықта» сынды бағдарламалар арқылы жастарды патриоттыққа, төзімділікке, бауырмалдыққа тәрбиелеу жолға қойылған.

Сонымен қатар, Қазақстан халқы Ассамблеясы тек мәдени бағытпен шектелмей, елдегі қоғамдық-саяси процестерге де белсенді араласады. Ол Парламент Мәжілісінде өкілдікке ие, бұл оның мемлекеттік деңгейдегі маңызын айқындайды.

Татулық, ынтымақ – біздің бірлігіміздің символы, бейбітшілігіміздің кепілі. Қазақстанның болашағы бекем бірлік пен өзара келісімде екенін ұмытпау – әр азаматтың міндеті.

Аудандық өзбек этномәдени орталығының мүшелері аудандағы ұлтаралық бірліктің сақталуына өз үлесін қосып келеді.

Қоғамның дамуы мен тұрақтылығы өскелең ұрпақтың санасына сыналай сіңірілетін тәрбиеге байланысты. Әсіресе, көпэтносты Қазақстанда бірлік пен келісімді сақтау – ең маңызды құндылықтардың бірі. Бұл бағытта білім беру саласындағы педагогтардың рөлі айрықша. Білім беру саласында қызмет ететіндіктен, мектеп қабырғасынан бастап оқушыларға татулық пен достық, өзара түсіністік пен сыйластық туралы терең ұғымдарды сіңіруді басты міндеттеріміздің бірі деп санаймын. Жас ұрпақты патриоттық рухта тәрбиелеу, елдегі ұлтаралық келісімді түсіндіру күн тәртібіндегі өзекті мәселелердің бірі болып отыр.

Білім беру бағдарламаларында этномәдени тәрбиеге, адамгершілік қағида-даттарына, төзімділік пен көпмәдениеттілікке ерекше мән берілуде. Мұғалімдер сабақ үстінде әртүрлі халықтардың салт-дәстүрі, тарихы мен мәдениеті туралы түсіндіре отырып, оқушылардың бойына құрмет пен достық сезімдерді қалыптастырады. Сонымен қатар түрлі сынып сағаттары, дөңгелек үстелдер, мәдени іс-шаралар – балаларды өзара сыйластыққа, ортақ құндылықтарды бағалауға үйрететін тиімді тәсілдер. Мысалы, Қазақстан халқы Ассамблеясының бастамасымен өткізілетін «Достық фестивальдері», «Бірлік күні» сияқты іс-шаралар мектеп оқушылары арасында ерекше ықыласпен қабылданып келеді.

Ұстаздар бұл бағытта үздіксіз жұмыс жүргізіп, жастарды бейбітшілік пен келісім рухында тәрбиелеуді басты мақсат етіп отыр. Өйткені бірлігі бекем ел – болашағы баянды ел.

1 Мамыр күні бүкіл еліміздегідей біздің ауданда да түрлі мерекелік іс-шаралар, концерттер, ұлттық тағам жәрмеңкелері мен достық фестивальдері өткізіледі. Бұл – Қазақстанда тұратын халықтардың өзара сыйластығы мен достығын паш ететін күн.

Еліміздің тұрақты дамуы мен жарқын болашағы – халықтар арасындағы бірлік пен келісімге тікелей байланысты. Сол себепті бұл мерекенің мәні зор. Татулық пен бейбітшілік – кез келген елдің басты байлығы. Қазақстан халқының бірлігі – еліміздің ең берік тұғыры!

Ж.КАДЫРОВ,
Тағайна жалпы білім беретін мектебінің директоры, аудандық өзбек этномәдени орталығының төрағасы.



1 Мамыр – Қазақстан халқының бірлігі күні

Мамыр айы, Төрт маусымның періштесі, еркесі, Түзейді енді өзінменен Алға тартқан ел көшін. Бар дүние арулардай Шыға келді құлпырып, Жап-жасылға алмастырып, Көйлегі мен көрпесін.	Мамыр Жыры Тырна әнімен оралған, Көк теңіздей көлбеңдейді Көз алдында көк сағым, Жұпар исін жұтқызады Дала гүлге оранған. Гүлді көктем, нұрлы көктем Қыз ғұмырдай келте еді, (Таусылғандай сонау жылғы Апам айтқан ертегі). Сыртқа мені сырласуға Шақырғандай ақ жаңбыр, Түніменен ұйқымды ұрлап, Тереземді шертеді. Көркі кірген құлазыған Қу медиен шөлдің де, Қазы қонған думаны көп Құрағы ну көлдің де. Тірілерде қуғанымен	Жете алмайтын арман көп, Көңілдерді шалқар көлдей Толтырам деп келдің бе?! Шығамыз ба, еңсе тіктеп, Сәл биікке, еңісте ек, Жоқты бар ғып жүргендер көп Жығылғанын жеңіс деп. Осы көктем жылдағыдай Шаншып келдік көп шыбық, Құратпастан көктете алсақ Марқаярмыз жеміс жеп! Мамыр айы шуақ шашып Көңілдерге нұр еккен, Жарық дүние Қайта сені түлеткен. Ынтымақпен Бірлік туы желбіреп, Нұрлы ертеңге ұмтылайық Ақ бата, ақ тілекпен!
--	--	--

Орынбасар СҮТТІБАЙ.

ЖАЛЫНДАҒАН ЖАСТЫҚ ШАҚ МЕРЕКЕСІ



Қандай да бір мереке болсын көңілге қуаныш сыйлайды. Дегенмен, көпшілік асыға, тағатсыздана күтетін мейрам-дарымыз бар. Біз бала кезімізден Бірінші Мамыр мерекесін ерекше қарсы алатынбыз. Ауылда өссек те, ұстаз-дарымызбен, достарымызбен табиғат аясына шығып серуендеп, көңіл көтеріп қайтатынбыз.

Теңірек түгел гүлге оранып, жасыл желегін жамылып келетін мамыр айы барша жандар үшін ерекше деп ойлаймын. Мамырды жыл он екі айдың аруына теңейміз. Көктемнің күшіне мінген осы бір кезеңінің кереметін жырламаған ақын, кестелі сөзбен өрнектемеген жазушы, ғажап суретін қылқаламмен өрнектемеген суретші жоқ та болар, сірә. Үлкендерді айтпағанда, бақшадағы бүлдіршіндерден бастап, мектеп оқушыларын да бұл көркем ай ғажап әсерге бөлейді, қуанышқа кенелдіреді.

Біздің елде мамыр айы мерекемен басталады. Бірінші Мамырда Қазақстан халықтарының бірлігі күні мерекесін бүкіл еліміз болып атап өтеміз. Ал жетінші мамырда еліміздің қорғаушы-лары мейрамын тойлаймыз. Тоғызыншы мамырда еңбектеген баладан, еңкейген қартқа дейін қуанып Ұлы Жеңіс күні мерекесін қарсы аламыз.

Мереке демекші, біздің мектепте қандай да болсын атаулы даталарда сыныптан тыс түрлі мәдени-көпшілік шаралар ұйымдастырып, қарсы алуды ешқашан ұмытқан емес.

Мен мамыр айын көпшілік тойлайтын мейрамдар ғана емес, жалындаған жастық шақтың нағыз мерекесі деп ойлаймын. Бүгінгі таңда халық ағарту саласына жүктелер міндет ауырлай түсті. Ұстаздар мен олардың шәкірттері оның бәрін жүзеге асыратындығына өз басым күдіктенбеймін. Біз қашанда ел

бірлігінің ұйытқысы болып, болашағымыздың сенімді ізбасарларын тәрбиелей береміз.

Мемлекет тарапынан білім беру сала-сына үнемі назар аударылып келеді. Мұны ұстаздар қауымы жете сезінеді.

Қазақстан Республикасының Президенти Қасым-Жомарт Тоқаев «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» атты Жол-дауында: «Мұғалімдердің біліктілігін арттыруға және әлеуметтік мәртебесін көтеруге көңіл бөлген абзал.

Ұстаздар – ұлттың зияткерлік қуаты. Олар білімді ұрпақ тәрбиелеу арқылы еліміздің өркендеуіне жол ашады. Үздік оқу бағдарламасы, заманауи мектептер, озық басқару жүйесі болса да, ұстаз білікті болмаса, оның бәрі бекер екені анық...», – деп атап өткенін білесіздер.

Мемлекет басшысы жақында ғана Бурабайда өткен Ұлттық құрылтайдың отырысында білім беру саласына тағы да ерекше назар аударды. Ұстаздар қауымына шәкірттеріне терең білім берумен қатар, ең алдымен өнегелі тәлім мен тәрбие беруге жұмылуға жүктеді. Соңғы жылдары бала тәрбиесіне жеткілікті назар аударылмай жүргенін атап өтті. Біз қандай да болсын кемшіліктен дер кезінде оңды қорытынды шығаруға міндеттіміз. Онсыз қолға алған ісіміздің алға басуы әсте мүмкін емес. Меніңше, алдағы уақытта мектеп пен ата-ананың, түрлі қоғамдық ұйымдардың байланысын нығайта түсуіміз, балаларды ешқашан назардан тыс қалдырмауға тиіспіз. Бүгінгі ұрпақ тәрбиесі – мемлекетіміздің болашағы екендігін естен шығармағанымыз жөн деп ойлаймын.

М.ҚОЖАЕВ,
Әл-Фараби атындағы жалпы орта мектеп директорының орынбасары.

Естеліктер сыр шертеді

Алдыңғы мақалада уәде еткендей, Ұлы Отан соғысы ардагерлерінің өз аузынан естіген естеліктеріміздің тағы бірімен бөлісейін оқырман қауыммен. Адамов Оңалтай атамыздан мектеп оқушыларымен үйіне барып әңгімелескенде, естігендерімді қағаз бетіне түсіріп алған едім...

Атамыз 1919 жылы Момынай ауылында дүниеге келген. 1939 жылы әскерге шақырылады. Украинаның Житомир деген қаласында абыроймен Отан алдындағы борышын өтеп, 1941 жылдың көктемінде елге оралуы керек болады. Алайда командирлері «Күзге дейін осында боласыздар, соғыс басталуы мүмкін» деп алып қалады. 1941 жылдың 22 маусымында Ұлы Отан соғысы басталғаны тарихтан мәлім.

Оңалтай атамның оқушыларға айтқан әңгімесі:

— Балалар, біз соғысқа дайын емес едік. Үш жауынгерге бір мылтықтан берілді. Мылтығы бар жауынгерге қашан оқ тиіп өлгенше, күтіп отырамыз оқоптан басымызды шығара алмай, — деп көзіне жас алды. — Содан бізді, қолында қаруы жоқ солдаттарды тұтқынға алу да оңай болды ғой фашистерге, — деп бір күрсініп алды. — Содан соғыс біткенше немістерде тұтқында болдым, — деп әңгімесін қысқа қайырды.

— Ата, төрт-бес жыл тұтқында болған кезде не істедіңіздер? — деп оқушыларым сұрақты төтесінен қойғанда, Оңалтай атамыз:

— Ее-еей, балдар, менің көрген азапты күндерімді сөзбен айтып жеткізу оңай емес. Мен қысқаша айтайын, мені екі рет ату жазасына кесті фашистер. «Қырық жыл қырғын болса да, ажалды өледі» деген біздің бабаларымыз. Бірінші атқанда, есімде жоқ қанша жауынгер екеніміз, қатар тұрғызып қойып атқан кезде маған оқ тимеді ме, жоқ әлде мен жылдамдық жасадым ба, қасымдағы орыс жігітін алдыма қалай тартқанымды білмеймін, білетінім айнала толы өлген солдаттардың арасынан тірі шықтым. Ал екінші ату жазасына кескенде, тарихтан білетін боларсыңдар, Мұстафа Шоқайды, сол кісінің арқасында аман қалдық. Аман қалғанымыздан бөлек бізге, әсіресе мұсылмандарға немістердің көзқарасы жақсы жағына өзгерді. Тамақ ішетін болдық, — деп атамыз тағы көзіне жас алды. — Сәдуджан, сол тұтқында жүргенде, ауылдан Есмұрза көкеңнің әкесі Есқараны көрдім, екеуміз еңкілдеп жылап, сұм соғысқа лағынет айт-

тық. Сондағы Есқараның маған айтқаны күні бүгінгідей есімде: «Оңалтай, сен мына қырғыннан аман-есен елге ораласың, ұзақ жасайсың, өйткені туралап келген екі ажалдан



— Онда сен Шот атаң бар (суретте), ол тарихты ел-жұрт та білсін, — деп бізге батасын беріп, — Барыңдар өнді, барыңдар... — деп қоштасты. Біз де атамызды қинамадық, зор денсаулық тілеп, қош айтыстық.

Тойлыбек атамыз бен Сарыбек атамыздың сол сұрапыл соғыста қалай жолыққаны туралы келесі мақалада айтармын, құрметті оқырман.

Оңалтай атамыз бен Жаңақұл апамыз екеуі 5 қыз, 4 ұл тәрбиелеп, олардан 41 немере сүйіп, өсіп-өнген әулет болды. Аузы дуалы Есқара атамыздың «Сен елге аман-есен ораласың, ұзақ жасайсың» деген сөзін Алла Тағала сол қанқұйлы заманда қабыл алған болса керек, Оңалтай ақсақал 2017 жылы 98 жасында өмірден өтті. Бірақ ішінде қаншама біз білмейтін сырлар, әңгімелер кетті десеңізші. Ал Есқара атамызға туған жердің топырағы бұйырмаған екен... Жандары жәннатта болсын дейміз.

Есқара атамыздың ұлы Есмұрза көкеміз де үлкен әулетке айналды. Бүгінде екі атамыздың да артында қалған ұрпақтары өсіп-өніп, ел игілігіне қызмет етіп жүр.

Ешкім де ұмытылмайды, ешнәрсе де ұмыт қалмайды, ағайын...

С.ОШАЕВ,
Момынай жалпы білім беретін
мектебінің АӘЖТД пәні мұғалімі.



Ұлы Отан соғысы біздің халқымыздың, аға буын өкілдерінің, әкелеріміз бен аналарымыздың биік рухын, ерлігі мен қаһармандығын күллі әлемге танытқан қасиетті соғыс болса, Ұлы жеңіс мерекесі — аға ұрпақтың сол ұлы ерлігін мәңгілік ел жадында сақтауға арналған ең қастерлі мереке.

Биыл біз маңызды және атаулы күнді — Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 80 жылдығын атап өтудеміз. Ұлы Отан соғысы елдің тарихы мен халықтың жадында өшпес із қалдырды. «Соғыс» деген сөздің өзі қайғы мен қасіретті, бақытсыздық пен зар жылаған жұртты, орны толмас шығындарды көз алдыға алып келеді. Бұл Жеңіске аталарымыз бен әкелеріміз

қыруар құрбандық пен күштің, бірлік пен жасымас жігердің арқасында қол жеткізді. Құрбан болған адамдары мен бұзылған дүниенің саны бойынша бұл соғыс жер бетінде болған барлық соғыстан асып түсті. Біздер, Ұлы Жеңістің

Соғыс жүрегімізде, есімізде және кітаптарда

мұрагерлері бұл оқиғаны бір сәтке де естен шығармауымыз және мұндай қасіреттің енді қайтып орын алмауы үшін қолдан келгенін барлығын жасауымыз қажет. Ұлы Отан соғысы тақырыбы әдебиетте жан-жақты және мәнерлі көрініс тапқан. Кеңес Одағының көптеген жазушылары мен ақындары соғыстың алғашқы күнінен-ақ Отанын қорғаушылардың қатарында сапқа тұрды. Отанын ерлікпен қорғаған халықпен тығыз байланысты соғыс жылдарындағы деректі және көркем шығармалардың соншалықты сенімді шығуы содан да болса керек. Содан бері 80 жыл өтті және осы уақыт ішінде адамның отаншылдық, сүйіспеншілік, батылдық секілді құндылықтарын дәріптеген көптеген шығармалар жазылды. Шығармалардың барлығынан соғыстың шексіз қасіреті мен әкелер қайғысы айқын көрініс тауып отырады.

Осынау Ұлы ерлікке құрмет ретінде аудан кітапханаларында ұлттық патриотизмді нығайтуға бағытталған «Ұлы ерлікті ұрпаққа жеткізген кітаптар» атты кітап көрмесі оқырмандар назарына ұсынылуда. Аталған көрмедегі елдің тарихын, ерлік дәстүрін қастерлеген кітаптар Отанын сүйетін әр азаматтың төрінен орын алса, ол қаһарман әкелер ерлігі мен рухына деген құрметтің көрінісі болар еді.

Ахтанов Тахауи «Қаһарлы күндер»

Ұлы Отан соғысы тақырыбын арқау еткен Тахауи Ахтановтың романда Мәскеу түбіндегі шайқас, генерал Панфилов бастаған дивизияның жан қиярлық ерлігі суреттелген.

Взвод командирі Ержан, бұрынғы әскери комиссариат қызметкері Мұрат, т.б. кейіпкерлердің алдындағы мақсат біреу — Отанды сыртқы жаудан қорғау. Шығармада сонымен қатар жаумен беріспей күрескен өзге де батырлардың ерліктері сипатталған.

Әбішев Әлжаппар «Жас түлектер»

Бұл роман — көпшіліктің сұранысына ие болып, оқырман қауымның жоғары бағасына ие болған туынды. Автор шығарманың шынайы жазылуына, образдардың өміршең болуына, кейіпкер характерін саралап, оқиғаны тартысты өрбітуге күш салған. Боздаған ана, қаралы хат, жаралы жар... Бәрі-бәрі осы туындыда көркем суреттелген.

Бақбергенов Сәуірбек «Белгісіз солдат»

«Белгісіз солдат» деректі повесі шынайы оқиға негізінде туған. Ұлы Отан соғысы ардагерлері, қан майданда қаһармандықпен қаза тапқан, есімдері белгісіз болса да, ерліктері ел есінде сақталған майдангерлер хақында сыр шертеді. Төлеген Тоқтаров, Иван Цыганков, Мәлік Ғабдуллин, Әшірбай Қоянқозов, байланысшы қыз Маша Макарова, Рашит Жанғозин, Ж.Әбішев, О.Бозаев, Е.Бозаев, Жаманбай Қырғызбаев сынды батырлар туралы кеңінен әңгімеленген.

Момышұлы Бауыржан «Қанмен жазылған кітап»

Атақты қолбасшы Б.Момышұлының әскери қайраткер ретіндегі ұрпаққа ұлағат етіп қалдырған әскери-теориялық және рухани ұлағаттық еңбегі. Оның әскери тактикалық, жеке құрамды тәрбиелеу және оқыту, командалық кадрларды дайындау саласындағы зерттеулері терең кешенді талдау және әскери іс-тәжірибесінде кең түрде қолдануды талап етеді. Халық батыры өзінің әскери-теориялық көзқарастарын жан-жақты талдаған.

Мұратбеков Сайын «Жабайы алма»

Қазақ прозасының хас шеберлерінің бірі Сайын Мұратбековтің «Жабайы алма» атты шығармасы кезінде қолдан қолға тимей оқылатын дүние еді... Міне, араға жылдар салып сол шығармасы бүгінгі жаңа буын және баяғы сақа буын оқырмандарымен қайта жүздесіп отыр. Бұл шығарма бүгінгі кезең шындығымен астарласып жатқанымен құнды.

Нұршайықов Әзілхан «Әскери күнделік»

«Жеңіс» сериясы бойынша шыққан «Әскери күнделіктің» бірінші кітабында жазушы өзінің балалық шағын, алғашқы махаббатын, әскерге алынғанға дейінгі жалынды жылдарын, Қызыл Армия қатарына алынып, майданға кірген алғашқы кезеңін күнделік етіп жазған.

Қайсенов Қасым «Жау тылында»

Халық қаһарманы, ҰОС партизан отрядының командирі Қасым Қайсеновтің «Жау тылында» кітабы 1967 жылы жазылған. Партизан жазушы Украина, Молдова, Венгрия жерлерінде жүріп, жау тылында жасаған ерліктері шығарма арқауына айналған. Оқиғалар шынайы суреттеледі. Оның әр жолынан Отанға, елге, туған жерге деген шексіз сүйіспеншілік рухы сезіледі.

Шәріпов Әди «Партизан қызы»

ҰОС жылдары өмірін жорықпен өткізген жауынгер жазушының «Партизан қызы» романын оқырмандар жылы қабылдады. Орыс, украин, литван, қырғыз тілдеріне аударылған. Қаламгердің өзі, қарулас достары басынан кешкен жайттар негізінде туған «Ормандағы от», «Тон», «Арбасу» секілді көптеген повестері бар.

Аталмыш кітаптар жас ұрпаққа отаншылдық тәрбие беріп, оларды ата дәстүрін қастерлеуге баулуда оқырман көңілінен лайықты орын алар деп сенеміз.

Р.СӨРСЕБЕКОВА,
аудандық кітапхана библиографы.

Ұлы Жеңістің 80 жылдығына арналды

Ауданымызда Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 80 жылдығына орай көптеген іс-шаралар өткізіліп жатыр. Жуырда айтулы мерекеге орай Төлеби спорт клубының ұйымдастыруымен кіші футболдан аудандық турнир өтті.

Турнирге аудан аумағындағы 20-дан астам мекемеден 14 команда қатысып, өзара бақ сынасып, бірлік пен ұйымшылдықтың жарқын үлгісін көрсетті. Бұл спорттық шара спортты насихаттап қана қоймай, сонымен қатар ұрпақтар арасындағы тарихи сабақтастықты, патриоттық рухты көтеруге бағытталды. Сонымен қатар жастарды бейбіт өмірдің қадірін түсінуге, өткенге тағзым етуге тәр-

биелеп, патриоттықтың үлгісі болды.

Салауатты өмір салтын қалыптастыру мақсатында



өткен спорттық сайыс нәтижесінде:

I орынға аудандық білім бөлімі ие болса, II орынды Алатау ауылдық округінің құрама командасы иеленді. Жүлделі III орынға аудандық полиция бөлімі табан тіреді.

Жеңімпаздар мен жүлдегерлерге қаржылай сыйлықтар, арнайы дайындалған кубоктар мен марапат қа-



ғаздары табысталды.

Спорттық жарыс елдік пен ерлікті, бірлік пен рухты дәріптеген тағылымды іс-шара ретінде айрықша маңызға ие болды.

«Төлеби-ақпарат».

Алыпты тану – халықты тану

● ЕБІНЕЙ БӨКЕТОВ – 100

...Түс ауа қатты ұйықтап кетіппін. Ұзын шнурын шұбыртып, зәресі қашыңқыраған анам телефонды әкеліп тұр: «Ерден, Ерден, ояншы, тұршы! Бөкетов, ректор, телефон соғып тұр!»

- Ебіней Арыстанұлы, амансыз ба?
- Бұл не ұйқы сабақ уақытында?
- Таңға дейін бір кітапты қарап едім, көшіріңіз.
- Сабақты керек қылмайтын, ол қандай кітап сонда?
- Қазақ тарихы, революцияға дейінгі.
- Авторы кім? Кешегі Левшинің емес пе?
- Жоқ... Сізге кездескенде айтамын.
- Жарайды, маған көрсетесің. Моншаға барасың ба?
- Барамын.

– Онда орамалыңды алып, жарты сағаттан соң далаға шығып тұр. Айтпақшы, жаңағы кітабыңды да ала шық, ұмытпа.

Осылай Ебіней аға мені баласындай көріп, қасына жиі алып жүретін болды. Таутұлғалы ұстазымның қасында сарыауыз балапан мен кімдермен танысып, кімдермен дастарқандас болмадым десеңізші. Талай рет Ғабит Мүсірепов, Әлкей Марғұлан, Шапық Шөкин, Олжас Сүлейменов, Нұртас Оңдасынов, Ғабиден Мұстафин сынды еліміздің беткеуштар ел ағаларының қолдарына су құйып, саликалы әңгімелерін тыңдап, таным мен талғамым өсті, қалыптастым.

Ал сабаққа бармай ұйықтап қалып жүргенімнің сыры, жақсы араласатын ағам, әрі досым, мамандығы физик болса да, түркі халықтарының шежіресін кәсіби деңгейде терең зерттеп жүрген Қарағанды политехникалық университетінің оқытушысы Тілеукен Инсебаев жуырда Ташкенттен қазақтың тұңғыш теміржол-инженері Мұхаметжан Тынышбаевтың бір кітабының көшірмесін ксерокстан өткізіп әкеліпті. Соны бір күнге сұрап алып, таң атқанша құмарта оқып бітірдім...

Жетпісінші жылдардың ортасы. Коммунистік партияның қылышынан қан тамып тұрған кез. Кітап авторы – «халық жауы», Алаш үкіметі төрағасының орынбасары, Түркістан автономиясының премьер-министрі... Мұхаметжан Тынышбаевтың атын атаудың өзі үлкен қылмыс болып саналатын заман. Сондықтан да Тілеукен кітапты маған шүберекке орап, құпия түрде танысуға берген. Ташкент университеті кітапханасының оқу залына Лев Ошанин деген бір кісі тапсырыпты, кітапхана қызметкерлері байқамай қабылдай салған секілді.

Тілеукенді таңғалдырғаны – Ташкентте 1925 жылы шыққан осы еңбектің соңғы беттерінде қосымша ретінде тіркелген шежіре кестелері. Бақсам, мазмұны тұтас ғажап ғылыми сенсация, қазақ мемлекетінің қалыптасу тарихын, кемінде ХІ ғасырдан бастайды, келтірілген ресми демография деректері бойынша қазақтың 70 пайыз жерінде 1914 жылдың өзінде халқымыздың саны бес жарым миллионнан артып жығылады екен. Яғни 6-7 миллионбыз сол тұста. Қыруар құнды фактілер, сол заманда бізге насихаттаған деректен мүлде басқа, тың, ғажайып ғылыми концепция. Бүкіл тарихты бастан аяққа қоятын, орыс бізді емес, керісінше, біздер орыстарды, славяндарды адам қылғанымыз, ел деңгейіне көтергеніміз, ұлттық құндылықтарымыздың адамзат тарихына қосқан сүбелі үлесі – бәрі байсалды, дәлелді, тайға таңба басқандай анық, жатық баяндалады...

Ебіней Арыстанұлы атын атауға қатаң тыйым салынған Мұхаметжан Тынышбаевтың «қауіпті» тақырыптағы із-түзсіз жоғалып кетті деп жүрген, қара тізімге енген кітабының көшірмесін қолында ұзақ ұстап қатты толқыды, ылғалданған көздерін жасырмай тұрып Тілеукен Ахметұлына ризашылығын білдірді. Бірден сол күні Әлкей Хақанұлына телефон шалып: «Әлеке, мал-жан аман ба? Ретін тауып маған бір келіп кетуіңіз керек. Маңызды шаруа бар. Қонақ болып, демалып, олжалы болып қайтасыз. Әзірге айтарым осы ғана», деп қысқа қайырды.

Бұл күнде марқұм болып кеткен досым Тілеукен Ахметұлы Инсебаев тапқан баға жетпес қазынамыз осылай елге оралды. Он жылдан кейін горбачевтік жылымық кезінде бұл кітапты көптеген зиялы қауым өкілі, атап айтсам: Ақселеу Сейдімбек, Олжас Сүлейменов, Мұхтар Мағауин, Рымғали Нұрғалиев, Мұрат Әуезовтің үйіндегі кітап сөрелерінен көрдім.

Ебіней аға университетті бітіре кезімде менің дипломдық жұмысымның жетекшісі болды. Өзі тақырыпты: «Олжасты жақсы білетін секілдісің, олай болса, оның еңбектерінің ұлттық мазмұнын ашып көрсетші» деп, бірінші тапсырма берді. Бірер ай еңбектенгеннен кейін, алдына жүз елу беттік кіріспе, тараулары, қорытындысы, пайдаланған әдебиеттері, қысқартулары, бүкіл ғылыми ақпаратты тегіс қамтыған

мәшіңкеге басылған қолжазбамды қойдым. Екі-үш күннен кейін Ебіней Арыстанұлы: «Жұмысың жақсы екен. Бірақ тақырып тым кең болып шыққанына көзім жетті. Тақырыпты нақтылап көрейік. Сен Олжастың бір ғана еңбегін таңдап, сол еңбектің ішіндегі тек бір ғана мысалды алып, тек соны айналдырып, таза түркология тұрғысынан зерттеп көрші. Және көп жазба. Елу беттен аз болмасын, жүз беттен асырма», деді. Мені қойыңызшы, филология факультетіндегі ұстаздарымның өзі аң-таң. Университетті бітіруге жарты жыл қалғанда, орта жолда тақырыпты өзгерту студентке әжептәуір ауыр салмақ. Амал нешік, күндіз-түні ұйықтамай, 70 беттік Олжас Сүлейменовтің «Қыш кітабы» поэмасындағы дөңгелек-шеңбердің түркологиялық, тарихи-мифологиялық, магиялық және этнографиялық символикасына арналған еңбегімді бітіріп, нүктесін қойып, ректорға ұсындым.

Бір күннен кейін Ебіней аға: «Бәрекелді, жарадың, Ерден. Әдемі жұмыс. Бірақ мен сені тағы сынап көргім келеді. Енді Олжастың өте қысқа бір-ақ өлеңін таңдап ал да, сол бір кішкентай өлеңіне тарихи-этнографиялық, түркологиялық, мәдени әдет-ғұрыпқа, ұлттық рухани құндылықтарымызға байланысты ғылыми талдау жасап көр. Қысқа-нұсқа жаз. Жұмысың жиырма-отыз беттен аспасын. Жинақы, дәлелді, сілтеме ескертпелерімен, пайдаланған әдебиетімен болсын. Іске сәт!», деді.

Үлкен адам сенімі қанат бітіреді. Орта ғасырлық қыпшақтардың Еуропаға қоныс аударғанын қысқа және бейнелі түрде сипаттайтын он шақты жолдық «Құман жыры» деп аталатын өлеңін таңдап, дипломдық жұмысымды бітірдім. Ебіней Арыстанұлы: «Өп, бәрекелді! Жарадың, Ерден. Міне, әрі тап-тұйнақтай шағын, әрі терең мазмұнды, бір халықтың тағдырын жиырма-отыз бетке сыйғыза білдің» деп ризашылығын жасырмай, пікірін білдірді...

Диплом қорғауы өткен соң Ебіней аға: «үйге келіп кетші» деді. Ебіней Арыстанұлының үйі ботаникалық бақтың шетінде. Барсам, мына маған, жас балаға ағаның жары Зүбайра апамыз ет асып қойыпты. Шәй ішкен соң, әдеттегідей жаяу серуендеуге баққа келдік, біраз қыдырдық. «Бүгінгі адамзат мұнай мен алтынға жанталаса жармасып жатыр. Ал байлықтың аяқ астарында жатқанын байқамайды, деп көкейіндегі ойларын, шерін тарқата бастады, – мұнай өндірісінде гудрон деген ауыр және керексіз есептелетін арзан қалдық зат бар. Оны мына асфальтқа да төсейді, басқаша да пайдаланады, лақтырып та тастайды құны көк тиын деп есептейді. Ал мен және осындағы менің зерттеу тобым, яғни ғылыми командам, осы гудронның өзінен түрлі, өте қымбат тұратын заттарды шығара аламыз, шығарып та жатырмыз. Тағы бір мысал. Ең сапасы төмен көмірден ең таза бензин шығара білдік. Айтайын дегенім, осы өмірде ең үлкен құндылық, қымбат нәрсе, капитал, былайша айтқанда, қалтаңдағы ақшаң емес – басыңдағы миың, сенің интеллектуалдық өрең, білімің... Сен астанаға барып аспирантураға түсуің керек. Батамды бердім саған. Төл тарихымызды, мәдениетімізді, тіл-әдебиетімізді, ұлттық мүддемізге байланысты мәселелерді дамыту жолында тыңнан түрен салу керек болып тұр. Біздің қолымыз коммунистік идеология, кеңес саясаты салдарынан байлаулы болды. Ұрпақ сабақтастығына балта шабылды десек те, артық айтқандық емес. Жарты ғасыр бұрын жазылған Мұхаметжан Тынышбаевтың еңбегімен бүгінгі дәріптеліп жатқан тарихымызды салыстырсаң, оны айдай анық көресің. Біз ондырмай кері кеттік. Кешегі Алаш қайраткерлерінің өнегесін, ұзына тарихымызды, ұлы тұлғаларымыздың ұлағатын бойымызға сіңіруіміз үшін оларды ұлықтап, зерделеп, әлемге паш ете білуіміз қажет...».

Тағы да бір күні Ебіней аға үйіне шақырды. Әдеттегідей, айтқан уақытта жетіп келдім, Зүбайра апай: «Сені кабинетінде күтіп отыр» деді. Ебіней Арыстанұлы бірден ақтарыла сөйледі. Әңгіме арқауы Қаныш Имантайұлы, ұлттық ғылым, академия тағдыры туралы. «Ұстазым қайтыс боларда ең құнды қолжазбалары мен құжаттарын маған беруді ұйғарыпты. Ішінде ел білуге



тиісті мәлімет өте көп. Мен үш томнан тұратын трилогияны, үш кітапты жазуға кірістім. Қаныш Сәтбаевтың жастық кезі, қалыптасу кезеңі және кемелденген шағы туралы. Бірінші кітабымды бітірдім. Алайда аяғына дейін жеткізе алмаймын ба деп қорқамын. Себебі қарсылық күшті болады. Біраз дәйектің мүддесі, қылмысы демей-ақ қояйын саған, сен әлі жассың ғой, осы тақырыпта жатыр. Осы себептен мен деректі емес, көркем шығарма жазуды бастадым. Менің мақсатым – әрі цензурадан өтетіндей, әрі оқырманға жететіндей, қажетті шындықты түсінуге көмектесетін ақпарат қалдыру. Бұл ақпарат өте маңызды, тұтас бір дәуірді түсіну үшін, ұстазым Қаныш Имантайұлы тұлғасын тану үшін халқымызға аса қажет...». Мен аң-таңмын. Ебіней аға кейде менімен осылай үлкен кісіше ірі тақырыптарды қозғайтын.

«Бұл еңбегім Қанекеннің жастық кезеңі туралы болғандықтан, біріншіден өзің сияқты жастарға сеніммен оқытқым келіп отыр. Өтініш емес, тапсырмам бар, шығармам туралы тек шындықты ғана айтасың және бір аптадан кейін пікіріңді білдіресің», деп қолыма қалың қолжазбасын ұстатты. Ашығын айтуға тиіспін, мен үшін бұдан ауыр, тіпті орындалмайтындай тапсырма ойлап табу мүмкін емес еді. Үйге келе сала, анама: «Ректор сыни пікір сұрап отыр, тек қана қатал және адал сын керек маған» деп жалбарындым. Өйткені анам қазақ әдебиетінің көркем прозасы мен поэзиясын жақсы білетін, кәсіби деңгейде талдай алатын қабілеті бар адам болатын. Анам университетте жоғары математика пәнін қазақ тілінде жүргізетін. Сол жылдары республикамыздағы барлық жаратылыстану-техникалық факультеттерде қазақ тілінде дәріс беруге тыйым салынуына байланысты, ол жұмысынан айрылып, ерте «зейнеткерлікке» шығарылғандай болып үйде отырып қалған.

Ана баласы үшін бәріне де барады дегендей, тапсырмамды өте мұқият атқарды. Кеудеңе нан пісіріп қоятын қайран жастық-ай! Анамның қолжазбаға жазған біраз ескерту мен пікірлерін өз қолыммен бадырайтып тұрып, қызыл сиямен жазып, кейбір тұстарын, тіпті абзацтарды сызып тастап, сұрау белгілерін аямай қойып, қолжазбаны Ебіней ағаның қабылдау бөлмесінде отырған хатшы қызға апарып бердім.

Ертеңіне «ректор шақырып жатыр» деген хабар да келді. «Не болар екен?», деп ойлана кірдім. Ебекеңнің көңілі өте көтеріңкі екен, тіпті күліп қарсы алды: «Әй, жүгірмек, пәлесін қарашы! Қатырдың ғой сен мені! Бірақ мені алдай алмайсың. Айт маған, кімге оқыттың, кім саған көмектесті?». Шындықты жасырмадым. «Олай болса, анаңа да, әкеңе де сәлем айт. Мен олармен танысуым керек. Өзімнің де осындай ойымда бар еді», деп айтып салды.

Қонаққа қуанатын қазақ емеспіз бе, кешікпей ата-анам құрметпен, Ебіней ағаны қонаққа шақырды. Осылай ата-анам өз дастарқандарының басында менің ұстазым, ғұлама ғалым – Ебіней Арыстанұлы Бөкетовпен жақын танысты. Қолжазбасына анамның айтқан сын-ескертпелері үшін ренжімей, қайта алғысын айтты, екеуі қазақ әдебиетінің жай-күйі жөнінде көп әңгімелесті.

Ебіней Арыстанұлының мамандығы химик, металлург болғанымен, әдебиет пен өнерге ерекше қызығушылық танытатын, терең энциклопедиялық білімі бар жан-жақты ғалым еді. КСРО Жазушылар одағының белді мүшесі болды. Шекспир, Есенин және Маяковский шығармаларын қазақ тіліне аударды, әңгімелер, публицистикалық және сын мақалалар жазды. Бұл еңбектері жұртшылық ортасында жоғары бағаланды.

«Дала кемесін» тізгіндеп, орден таққан

● 2025 – Жұмысшы мамандықтар жылы

Ол қазақ эпосы мен ауыз әдебиетінен, әйгілі қазақ ақындары мен жырау-жыршылардың өлеңдерінен бастап, әлемге әйгілі: Пастернак, Мандельштам, Шекспир, Цветаева, Байрон, Гете және басқа да ұлы ақын-жазушылардың шығармаларын жатқа айтатын.

Ебіней аға туралы мендегі естелік таусылмайды, болашақта оларды қағазға түсірсем деймін. Қазір айналып өтуге болмайтын өмірінің соңғы жылдарына тоқтала кетейін. Ебіней Арыстанұлы өзі іргесін қалаған университеттің басшысы болып ұзақ уақыт отыра алмады. Мен аспирантураға кеттім. Бірақ ұстазымнан байланысымды үзген жоқпын. Хабарласып, кездесіп тұрдық. Ол республикадағы екінші университеттің бой көтеріп, қалыптасуына барынша жанын салып қызмет етті, мықты ұйымдастырушы болды. Өкініштісі сол, кезінде өзі басқарған Химия-металлургия институтына жай қатардағы аға ғылыми қызметкер лауазымына төмендетіп жіберді.

Мұнымен іс бітпеді: телефоны тыңдалды, келген-кеткен хат-хабарлары тексерілді, өзі тәулік бойы жасырын полиция мен «үндеместің» құрсауына алынды. Өзі күліп айтатын: «Мен өз елімде persona non grata болдым» деп. Неге екенін білмеймін, санаулы ғана адамдар болмаса, бұрын айналасында шұрқырап жүретін ғалым-жазушылардың көбі аяқ астынан іргесін аулақ салып, жүздесуден, тіпті жәй хабар сұрасудан қашқақтайтын болды. Алматыға келсе де, мен Қарағандыға барғанда да, жанында ешкім жоқ, үнемі жалғыз жүргенін көрдім. Бұрын Қарағандыға келсе Ебіней ағаға соқпай кетпейтін, үйінен дәм татып, тіптен шаруаларын айтып, тындырып алатын академик, профессорларды да көрмедім.

Ебіней аға өзіне қарсы «жауған оққа» қас батырларша қасқайып тұра білді. Кейде маған еңгезердей денесі, келісті келген келбеті тау шыңында отырған қыран құсты елестететін. Төмендегі күйкі тірлікке күле қарап, бейшара пендешіліктен алшақ, биік, ақыл-ойдың иесі тұратын. Сондай тұлғаның өзіме ұстаз болғанын өмір бойы мақтан етіп келемін.

Мына оқиғаны ұмыта алмаймын. Әлі есімде, Олжас Сүлейменов Алматыдан Қарағандыға келіп, Ебіней Арыстанұлының үйіне арнайы барып кеңес берді: «Астанаға барып Дінмұхамед Қонаевқа жазылыңыз. Кездескенде ашық айтыңыз, саясатқа, жеке сізге ешқандай қарсылығым жоқ» деп. Бірақ Ебіней аға: «Айналайын Олжас, менің ешқандай кінәм, бес бересім, алты аласым жоқ оның алдына барып ақталатындай. Шаруам болмаса, ештеңені бүлдірмесем, неге баруым керек? Сен айта алсаң, өзің айт. Шақырса, барам», деп көнбеді.

Бір шындықтың басы ашық, осындай ауыр жағдайдың салдарынан Қаныш Сәтбаев туралы жазып жатқан трилогиясы, өкінішке қарай, жалғасын таппады. Осы еңбектің қалың қолжазбаларын арнайы Мәскеуден келіп, мұқият қарап шыққан мемлекет қайраткері Нұртас Оңдасыновтың жоғары баға бергені әлі есімде. Нұртас ағамыз да ел тізгінін қиын-қыстау заманда қолға алып, артына жаман сөз қалдырмай кеткен мемлекет басшысы. «Ұлық болсаң – кішік бол», өте қарапайым, еңгімешіл адам болатын. Ебіней ағаны қатты құрметтейтін еді.

Иә, қыспағы көп кеңестік кезеңнің өзінде академик Ебіней Бөкетов есімі дүркіреп барша Одақ көлеміне, одан асып шетел ғалымдарының ортасында орны болды. Оның ғылыми еңбектері аса жоғары бағаланды. Оның химия-металлургия саласында ашқан ғылыми жаңалығын көптеген мемлекеттер өз өндірістерінде пайдаланып, табысқа жетіп отыр.

1990 жылы АҚШ ғалымдары аспанда жаңадан табылған бір жұлдызға оның атын берді. Әрине, ол атақ-даңқтан кенде болған жоқ. Мұның бәрін тізе берсек, таусылмайды. Ғылыми табыстары үшін КСРО Мемлекеттік сыйлығына да ие болды. Ғылым мен әдебиеттің табиғаты бір-біріне жақын, екеуі де ойдан, толғаныстан, ізденістен туады. Екеуіне де жігер, еңбек керек. Осындай қасиеттерді Ебіней аға бір-бірімен ұштастыра білді.

Өттең, дейміз, тағы да күйзеле отырып. Жоғарыда айтқандай, өмірінің соңғы жылдары өкінішпен өтті-ау.

Ескі Қазақстанның құпиялары, ашылмаған беттері өте көп. Алаш арыстарымызды да, кеше ғана арамыздан кеткен Ебіней Арыстанұлы сынды ұлы тұлғаларымызды ұлықтай алдық па? Тек мерей-тойлары жақындаған тұстарда ғана еске алмай, тұрақты және жоспарлы түрде зерттеуіміз, дәріптеуіміз әрі насихаттауымыз керек. Мемлекеттен гранттар мен тапсырыстар беріліп, көшенді және жан-жақты жұмыстар жасалынса, бастаған игі істерін сабақтастыра жалғастырып, дамыта түссек. Биыл ғасырлық тойы аталынып өтуге тиіс біртуар тұлға Ебіней Бөкетовтің мұрасы мен қайраткерлігін жаңарған елімізге жан-жақты таныту – ортақ парызымыз.

**Ерден ҚАЖЫБЕК,
ҰҒА академигі.**

Egemen Qazaqstan.

Алғашқы санының жарық көргеніне 90 жылдан асқан «Төлеби туы» газетінің ең басты көйпкері қарапайым еңбек адамдары болып келді. Еңбек озаттарының есімін елге танытып, олардың маңдай



терімен сорғалап келген жетістіктерін халыққа үлгі етті. Бүгінде де бұл дәстүрінен жаңылған жоқ.

Біздің кеңес дәуіріндегі көйпкерлеріміздің бірі – бұрынғы «Путь Ильича» колхозының (қазіргі Тасарық ауылдық округіндегі «Бірлік» өндірістік кооперативі) озат комбайншысы, Жамбыл ауылының тумасы, III дәрежелі «Еңбек даңқы» орденінің иегері Нұрмахан Оңғарбаев болатын. Ол туралы кезінде осы шаруашылықта еңбек еткен біздің штаттан тыс тілшілеріміз марқұм Есіркеп Есенбаев пен Әбдіраш Дәуітов те қалам тартқан болатын. Жақында Нұрекеңмен кездесіп, еңгімелесудің сәті түсті.

– Өткенді еске алсақ, мен 1966 жылы Совет орта мектебін (қазіргі Қаратөбе) бітіріп, Приморье өлкесінде Тынық мұхитының жағалауында екі жыл әскерде болып қайттым. Ауылға оралғанда күз мезгілі еді. Сол жылы Көксәйекте комбайн жүргізушілердің 3 айлық курсы ашылғанын есітіп, шаруашылықтан жолдама алып оқуға бардым. Аудан шаруашылықтарынан 30 жігіт жиналыпты. Жатақханамен, тамақпен қамтамасыз етіліп, оқығанымызға шаруашылық есебінен стипендия төленді. Оқу бітірген соң шаруашылықтың орталық шеберханасында ауыл шаруашылығы техникасын жөндеумен шұғылдандық, 60-70 сом мөлшерінде айлық жалақы алдық.

Колхоздың Қамшы Бақадыров деген озат комбайншысы бар еді. Қызылбілек (қазіргі Ханарық) ауылында тұратын. Ұлты өзбек болғанымен, қазақша таза сөйлейтін. Кезінде Қызылбілек колхозының төрағасы болыпты. Ұлы Отан соғысы басталғанда, ауыл шаруашылығына қажетті білікті маман болғандықтан, майданға жібермей, броньмен алып қалыпты. Көксәйектен комбайншылар курсын бітіріп оралғанымда:

– Биыл маған көмекші боласың, егін оруды әбден үйреніп ал, келер жылы өзіңнің жеке комбайның болады, – деді. Айтса айтқандай, егін орағында оның көмекшісі болдым. Жауапты науқан кезінде

шаруашылыққа комбайншы жетіспейтін. Жыл сайын Көксәйектегі аудандық

«Казсельхозтехника» бірлестігінен 4-5 комбайншы жәрдемге келетін. Келер жылы егін орағы басталғанда, Көксәйектен бір неміс комбайншы келмей қалды. Отбасымен Германияға көшіп кеткенін есіттік. Әлгі неміс комбайншының аты-жөні есімде қалмапты. Оның комбайншы мен отырдым. Содан табан аудармай жиырма жыл бойы шаруашылықта егін орағына қатыстым, – деді.

– Мал азығын жасақтау, егін оруды дегендеріңіз уақытша науқандық жұмыс қой, тым ұзақ дегенде тамыз айының соңына дейін созылар. Одан кейін келесі егін орағына дейін қол бос болады, комбайншыларға атқарар тірлік

қалмайды, сол кездері не істейсіздер? – дедім мен одан әрі еңгімеге тартып, – Егін орағынан кейін Көксәйектегі «Казсельхозтехника» бірлестігінде ауыл шаруашылығы техникаларын жөндеумен айналыстық. Мұнда облыс, аудан аумағымен қатар көршілес Қызылорда облысы шаруашылықтарынан да жөндеу жүргізуге техникалар жеткізілетін. Ол кездері жақсы жұмыс істесек, еңбегіміз лайықты бағаланатын. Маған сол кездері тынымсыз еңбегімді, жаңашылдығымды бағалап, айына 180 сом айлық жалақы төледі. Сол жылдары мұндай көп жалақыны колхозбастықтардың өзі алмайтын. Ал менімен бірге жұмыс істегендердің айлық жалақысы 70-80 сом мөлшерінде еді.

– Ол кездері еңбек озаттарын қалай марапатайтынын еске түсірсеніз? Кеудеңізге орден, медаль тақтыңыз ба? Мақтау қағаздарыңыз да көп болар?

– Марапаттың ең үлкені III дәрежелі «Еңбек даңқы» ордені болды. Колхоз басқармасының, аудандық партия комитетінің мақтау қағаздарын талай рет алдым. Ең көп астық бастырғаным үшін екі мәрте кезексіз «Москвич» жеңіл автокөлігін тарту етті. Оның бірін өзім алдым, екіншісін ағайындардың бірі мінді.

– Ол кездері шаруашылық, аудан басшыларының еңбек озаттарына деген құрметі қандай еді?

– Шаруашылық, аудан басшылары еңбегімізді бағалады. Науқан аяқталғаннан кейін және сабантойда ең көп астық бастырған комбайншылар, тынымсыз еңбек еткен механизаторлар мен жүргізушілерге заттай сыйлықтар табыс етілді. Кезінде магазин сөрелерінен көріне бермейтін Бельгия кілемін, палас тарту етті. Кейде сол кезде азық-түлік дүкендерінде сирек ұшырасатын үнді, экстра шәйін де еңбек озаттарына беретін. Жақсының жақсылығын айту керек, кезінде «Путь Ильича» колхозының төрағалары болған А.Д.Маслов, В.Докшин, А.Нигай, бас инженер

Д.Шарамко қарапайым еңбек адамдарын, әсіресе еңбек озаттарын өте құрмет тұтты, сыйлады. Жасыратын несі бар, бір жылы егін орағы науқанынан кейін алқап басында маған бастығымыз В.Докшин өз қолымен палас тарту етті. Қазақшаны қазақтардан қалыспай, қатырып сөйлейтін. Дала қосында әлгі маған тарту еткен паласты жерге жайып жіберіп:

– Әй, палас, палас, сенің үстіңде отырып алып керемет қой ішкен «Талас», – дегені бар емес пе. Бәріміз ду етіп күліп қоя бердік. Мен бұл өзілдің мәнін бірден түсіне қойып, әлгі паласты «Талас» шарабымен «жуғанымыз» бар. Ол кездері маңдай тердің дәмі ашылау болса да, еңбегің дер кезінде бағаланғанының өзі, қуанышқа бөлеп, алға қарай жігерлендіре түсетін еді, – дейді ол.

– Тәуелсіздік орнап, жекешелендіру науқаны басталып, шаруашылықтар тараған соң не істедіңіз? Комбайныңыз қайда қалды?

– Бастапқыда жұмыссыз бос жүрдік, кейіннен Майбұлақ орта мектебінің директоры, марқұм Бақадыр Мырзатаев шаруашылық меңгерушісі етіп жұмысқа қабылдады. Жақсы кісі еді. Ол кезде елдің жағдайы нашар. Мектептің төбесінен тамшы ағады. Бақадыр ағам ауданнан бастап жер-жерге шапқыласа да, мектептің шатырын жабуға мемлекет тарапынан шифер мен шеге ғана алдық. Бөренеден бастап шатыр көтеретін ағаштан дайындалатын құрылыс материалдарына қаржы табылмапты. Енді не істеу керек? Бақадыр көкем ауылдағы ағайындарды жинап алып, бар жағдайды айтты. Бәрі шамасы келгенше екі-үш теректен беретін болып сөз байластық. Бәрі уәдесінде тұрды. Бірақ, бұдан кейінгі машақатты бәрінен көп мен көрдім. Ауылдастар айтқан сөздерінде тұрды, бірақ шарбақтарының аяқ жағындағы, үй мен қора маңындағы кесіп, құлатуға қиындық тудыратын теректерін берді. Әлгі теректердің бұтақтарын бұтап, қабығын аршып, жолға шығарып, көлікке арту да көп қиындық тудырды. Мұғалімдер, ауылдың жігіттері көмекке келді.

Ол кездері бөренелерден құрылыс материалдарын тілетін цех Бірінші Мамыр және «Қазығұрт» совхозының орталығы Тоғыс ауылында ғана бар. Кесілген теректерді Тоғысқа жеткізіп, бірнеше күн бойы кезекке тұрып, оны тілдіріп ауылға жеткізу маған оңайға соқпады. Зейнеткерлік жасқа жеткенше мектепте шаруашылық меңгерушісі болып қызмет атқардым, – дейді Нұрекең.

Бұрынғы «Путь Ильича» колхозының орденді комбайнері Нұрмахан Оңғарбаев зайыбы, марқұм Сәуле екеуі төрт ұл, төрт қыз тәрбиелеп өсіріп, ұлын ұяға, қызын қияға қондырды. Бүгіндері ұрпақ қызығын көріп отырған ауылдағы бақытты отбасылардың, қадірменді қариялардың бірі.

С.ОРЫНБАСАР.

*Жамбыл ауылы,
Тасарық ауылдық округі.*

Екінші дүниежүзілік соғыс қасіреті



Екінші дүниежүзілік соғыстың аяқталғанына 80 жыл уақыт өтсе де, оның адамзат баласына тигізген қасіреттерін, зардаптарын тарихшы ғалымдар осы уақытқа дейін зерттеумен келеді. Құпия сақталып келген кейбір деректер табылып, жариялана бастады. Әлем тарихында бұрын-соңды болмаған бұл қантөгіске жер шарындағы 61 мемлекет қатысып, дүние жүзі халықтарының 80 пайызы қолына қару алып, қан майданда шайқасқа қатысты. Бұл алапат қырғын әкелген соғыс әлемдегі 40 мемлекеттің жерінде жүрді. Барлығы 110 миллионнан астам адам әскер қатарына шақырылды. Соңғы деректерде екінші дүниежүзілік соғыста 110 миллионнан астам адам қаза тапты делінсе, ең көп адам өлімі КСРО-да тіркелді. Кеңестік империя 55 миллионнан астам адамынан айырылып барып Жеңіс туын желбіретті. Кеңестер Одағында қаза тапқандардың 16, 9 миллионнан астамы бейбіт тұрғындар мен балалар. Ұлы Жеңіске жеткен ел үшін бұл өте ауыр соққы.

Екінші дүниежүзілік соғыста Кеңестер Одағына соғыс ашқан фашистік Германияда 2 миллиондай адам ғана қазаға ұшыраған.

Екінші дүниежүзілік соғыс қалай басталды? Енді осы сауалға жауап іздеп көрелік. 1939 жылы 1 қыркүйекте басталып, 1945 жылдың қыркүйегінде аяқталған бұл соғыс Германия, Италия, Жапония мемлекеттері тарапынан дүниежүзінде үстемдік жүргізуге деген жоспарлы мақсаттарынан басталды.

1933 жылы Германияда нацистік диктатура орнығады.

Германия нацистерін Италия мен Жапония қолдады. 1936 жылы Германия мен Жапония «антикоминтерндік пактіге» қол қойды. 1937 жылы оған Италия қосылды. Жапония 1931 жылы Қытайда, Италия 1935-1936 жылы Эфиопияда, Германия мен Италия 1936-1939 жылдары Испанияда басқыншылық соғыстарын жүргізді. 1935 жылы Германия Саар аймағын плебисцит нәтижесінде өзіне қосып алды. 1936 жылы Рейн демилитаризацияланған аймағына басып кірді. 1938 жылы Германия Австриямен аншлюс жасап, 1938 жылы 23 қыркүйекте Мюнхен қаласында Германия, Ұлыбритания, Франция, Италия үкімет басшылары кездесіп, Чехословакияның Судет облысын немістерге беру, Германия көршілерінен басқа жерді талап етпеу жөнінде келісім жасасты. Дегенмен Германия 1939 жылы наурызда Чехияны, Литваның Мемель жекелеген аймақтарын, сәуір айында Италия Албанияны басып алды.

Европада өз мүдделерін қорғау үшін Ұлыбритания, Франция үкіметі Польша, Румыния, Грекия, Түркия елдерін қорғауға міндеттеме алды, КСРО-мен ұжымдық қауіпсіздік жөнінде келісім жүргізді. Кеңес үкіметі олардың кейбір талаптарымен келіспеді, керісінше Германиямен өзара шабуыл жасаспау жөніндегі келісімге 1939 жылдың 23 тамызында қол қойды. Бұл – Молотов-Риббентроп келісімі деп аталды. Анығын айтсақ, келісімге Германия тарапынан Иоахим фон Риббентроп, ал кеңестер жағынан Вячеслав Молотов қол қойды.

Нацистік Германия 1940 жылы Норвегияны, Данияны, Нидерланд, Люксембург елдерін жаулап алып, Францияға басып кірді. Осы жылы Италия Франция мен Ұлыбританияға қарсы соғыс жариялады. 1941 жылы Румыния, Венгрия, Болгария, Финляндия фашистік Германиямен одақтасты. Бұл екінші дүниежүзілік соғыстың бірінші кезеңі болатын.

Екінші ең сұрапыл кезеңі 1941 жылы 22 маусымда таң енді ғана қылаң бере бастағанда, ел шырты ұйқыда жатқанда Германияның Кеңестер Одағына соғыс жарияламай, кенеттен, ойда жоқта шапқыншылық жасауы болды. Алдын ала жасалып, пысықталған жоспар бойынша басталған бұл жойқын шапқыншылық батыс шекара аймағын бір уақытта түгелімен қамтыды.

Соғыс басталғанда Брест қаласы мен осы шекаралық аймақта негізінен Қазақстанның Алматы, Шымкент, Қызылорда облыстарынан әскер қатарына шақырылған қазақ жігіттері қызмет еткенін, кейіннен табылған нақты деректерден білдік, кезінде Ұлы Отан соғысының қалай басталғанына куә болған жерлес соғыс ардагерлерінің әңгімелерін тыңдағанмын. Олардың айтуынша, шырты ұйқыда жатқан жауынгерлер аспаннан жауған бомбадан, атылған зеңбірек оқтарынан не болғанын білмей, киініп, қолдарына қару ұстауға шамалары келмей оқтан, оттан ғана емес, үйінділердің астында қалып қаза тапқан. Тірі қалғандары жаумен бетпе-бет келіп, соңғы оқтары қалғанша шайқасқан. Қолға түспегендері фашистерден қашып тығылып, орманнан пана тауып, партизан отрядтарының құрамында жаумен шайқасқан. Соғыстың алғашқы күні бүкіл шекарада тап осындай қайғылы жағдай орын алды.

Соғыстың үшінші кезеңі 1942 жылғы 19 қараша мен 1943 жылдың желтоқсан айы аралығын қамтиды. Көп шығынға ұшырап, қиай жөңіліп, кейін шегінген кеңес әскерлері қайта ес жиып, жауды тоқтатып, жаңа техникамен, қару-жарақтармен жарақтандырылып қарсы шабуылға көшті, фашистердің жоспарын күл-талқан етті.


Соғыстың төртінші кезеңі 1944 жылдың 1 қаңтарынан 1945 жылдың мамыр айына дейін созылды. 1944 жылдың 6 маусымында АҚШ, Ұлыбритания мемлекеттері Солтүстік Батыс Францияда екінші майдан ашты. Ал бесінші кезеңі 1945 жылдың 9 мамырынан сол жылдың 2 қыркүйегіне дейін жалғасып, Жапония тізе бүгіп, адамзат тарихындағы бұл алапат қырғынға нүкте қойылды.

Екінші дүниежүзілік соғыс жылдары қазақтың кең байтақ даласы майдан алаңына айналмаса да, адам айтқысыз қайғы мен қасіретті бастан өткерді. Талай аналар перзенттерінен айырылды, жесір атанып, балалары жетім қалды. Шаңырағы ортасына түсіп, ұрпақ жалғаспай көптеген ошақтың оты сөнді. Әлі де үй болып, отау құрмаған боздақтар шөйіт болып, сүйектері мәңгілікке жат жерде қалды.

С.ОРЫНБАСАР.

«Қойгелді батыр» дастаны жеке кітап болып жарық көрді

● Жағымды жаңалық



Тарихымызда қазақ халқы талай рет жау шапқыншылығын бастан өткерді. Әсіресе XVII ғасырдың бас кезінде кенеттен басталған жоңғар-қалмақ шапқыншылығы бейбіт жатқан елді есеңгіретіп тастады. Қазақтың үш жүзіне үш хан билік құрып, тайпалар мен рулар өз алдына жеке дара тіршілік еткендіктен,

жау шапқыншылығы кезінде бүкіл қазақтың басы бірден қосылмады. Мұны басқыншылар өте жақсы білді әрі өздерінің зымиян мақсаттарына ұтымды пайдаланды. Осындай себептермен жау келер деп қамданбай, әр ауыл болып бір-бірінен алшақ қонған қазақ ауылдарын шауып алу басқыншыларға оңайға соқты. Қазақ халқы үшін зар заман, қилы кезең басталды. Ел басына күн туғанда Төле би, Қаз дауысты Қазыбек би, Әйтеке би бас болып халықтың басын қосуға, батырларға бас болуға өлшеусіз еңбек сіңірді.

Қаракерей Қабанбай, Қанжығалы Бөгенбай, Шапырашты Наурызбай үш жүздің бас батырлары (қолбасшылары) болып қол бастады. Басқыншыларға қарсы ұзақ жылға созылған соғыста ел қорғаған, қол бастаған жаныстан шыққан мүйізді Өтеген, Төле бидің туған бауырлары Сеңкібай, Шойбек, албан Хангелді, шапырашты Бердіқожа, сарыүйсін Секер және Сәмен, Бөлек, Жауғаш, Ақша, Сәмбет, Қосы, Қоқы, Бағай, Қаумен, Дәулет және басқа да аты аңызға айналған көптеген батырлар шықты. Олардың ешқайсысы да қалмақ батырларымен болған жекпе-жекте жеңілген емес. Осы даңқты батырларымыздың бірі – шымыр тайпасынан шыққан Қойгелді батыр.

«Қойгелді батыр» дастанында жоғарыда біз есімдерін атаған және басқа батырларды Үшкөмпір ағамыз ең басты

кейіпкерлеріне айналдырған. Осыдан-ақ оның қазақ халқының ата шежіресінен, ең бастысы жоңғар-қалмақ басқыншылығы жылдарындағы тарихи оқиғалардан мол хабары барын аңғарасыз.


Қойгелді Сартұлы (1702-1795) батыр ғана емес ірі тарихи тұлға. Көксәйек ауылының тұрғыны, бүгінде жасы сексеннен асқан қазына қариямыз, Қазақстанның Құрметті азаматы Үшкөмпір Тастанбеков ағамыз көп жыл бойы шаруашылықта мал өсірген, өзге де жұмыстар атқарған қарапайым еңбеккерлердің бірі болса да, көркем әдебиетке деген құштарлығымен ерекшеленіп, «Төлеби туы» газетіне өзінің өлеңдерін жариялап келді, бірнеше дастанның авторы атанды.

Кезінде «Төлеби туы» алғашқы болып Үшкөмпір ағамыздың «Қойгелді батыр» дастанынан үзінділер жариялап, оқырман қауымға ұсынды.

Сарттың ұлы Қойгелді, Кезінде кімге бой берді. Жоңғарды қуып асыра, Ат көтіне өңгерді.

Үш жүздің тегіс баласын, Ата ұлындай тең көрді. Қойгелді Сарттың ұлы, батыр өткен, Жүрегін дұшпандардың тітіреткен.

Бір күні ғұмырының толастамай, Найзасын жауға кезеп, шаншып өткен. Кең иық, ұзын бойлы, түкті білек, Ұмтылған он үшінде найза тіреп.



Үшкөмпір Тастанбеков

Ел үшін жан аямай, жаудан қорғап, Үш жүздің баласына болған тірек... – деп халық ауыз әдебиеті үлгісімен жазылған бұл дастан өз оқырманын бірден баурап алады.

«Қойгелді батыр» дастанының жеке кітап болып жарық көруіне Жамбыл облысы әкімінің орынбасары Серік Сәлемов, «Шымыр ата «Қойгелді батыр» қоғамдық бірлестігі» қорының төрағасы Сембек Сейдәзімов бастаған бастамашыл топ қолдау көрсетіп, Алтай Қарабеков, Рахманқұл Байтелиев, Ғабит Алтаев, Ергаш Нұралиев, Мәулен Тоқсанбаев, Мұратбек Азимов сияқты Жамбыл облысының ел қамын ойлаған азаматтары қаржылай демеушілік жасапты. Қазақ батырларының мәңгі өшпес ерліктерін дәріптейтін, ұрпақтарға үлгі ететін дастанды кітап етіп шығаруға үлес қосқан азаматтарға айтар алғысымыз шексіз.

О.ЗАҒАМБАР.

● 2025 – Жұмысшы мамандықтар жылы

Мемлекет басшысы Қ.Тоқаев жұмысшы мамандықтарын алып биылғы жылды жұмысшы маман- шығатын. Бұл жүйе тәуелсіздік жылдары бұзылды. Қарапайым

өнімдерін дүкеннен сатып алуға әбден үйренген. Сол себепті кедей тұрады. Қазақ халқы ғасырлар бойы өзі тұтынатын азық-түлікті өздері дайындап алды емес пе? Бірақ

Жас ұрпақты еңбекке тәрбиелеу – қоғамның басты міндеті

Ондағы мақсат: «Біз еңбек адамының абырой-беделін көтеріп, кәсібилік сияқты құндылықтарды дәріптеу үшін әлі талай шаруа атқаруымыз керек», – деді қаңтардағы «Ана тілі» газетінің тілшісіне берген сұхбатында.

Осыған орай, өз пікірімізді айта кеткенді жөн көрдік. Мектепте еңбек технологиясы пәні оқытылады. Алайда ол теория жүзінде оқытылғанымен, өмірмен, практикамен ұштаспайды. Еңбек пәнін оқытудың сапасын арттыру үшін материалдық-техникалық базасын жақсартуымыз керек. Бұрындары Кеңес үкіметі тұсында ауылдық жерлердегі мектептерде ер балаларды ағаш ұсталыққа, слесарьлыққа, механизаторлыққа, жүргізушілікке, ал қыздарды тігіншілікке, аспаздыққа, қолөнерге оқытып, үйрететін. Бітірушілерге право (куәлік) берілетін. Мұны бітірген мектеп түлектері жоғары оқу орнына оқуға түсе алмаса, осы мамандықтар бойынша жұмысқа орналасатын. Ал қалаларда өндірістік комбинат жұмыс істеп, одан мектеп оқушылары түрлі

мамандықтарға дайындамағандықтан, жастар арасында ондай жұмысшы мамандықты менсінбеушілік көзқарас пайда болды. Жаппай жоғары оқу орнына түсуге ұмтылды. Осыдан барып қоғамда қарапайым жұмысшы мамандыққа деген зәрулік туындады. Сондықтан мектептегі еңбек технологиясы пәнінің материалдық базасын жабдықтап, түрлі мамандыққа баулуды мектеп қабырғасынан бастап дайындауға көңіл бөлу керек. Әйтпесе балаларымыз ақсаусақ, өмірге икемсіз болып өседі. Өмірден өз орнын таба алмай, қағажу көреді.

Қазір адамдардың бәрі бірдей емес, көпшілігі шөптің басын сындырмайтын еріншек, жалқау болып барады. Ауласындағы үйіргелік жеріне ештеңе екпегендіктен, арамшөп, сора, алабота басып, құлазып жатады. Сол жерлерге бау-бақша ексе, біраз күнкеріс нәпақасын табар еді. Мал асырап, сиыр сауып, май шайқаса, құрт қайнатса, нан жапса, осы өнімдерді өзі дайындаса, отбасылық бюджетін үнемдер еді. Бірақ өйтпейді. Барлық азық-түлік

бүгінгі ұрпақтары оны ұмыта бастаған. «Аулаңдағы жеріңе неге бақша өнімдерін екпейсің?», – десең, ағын судың тапшылығын, тағы басқаны сылтауратады. Оны көрген балалары да шаруаға қырсыз болып өседі.

Қазір ауылда күрек, кетпен ұстап, егін егетін, бақша өнімдерін өсіретін, шалғы орақ ұстап, шөп шабатын жастарды сирек ұшыратасыз. Мал табуды, байлық құрауды алыстан, шеттен іздейтін болған. Табан аяғы астындағы байлықты көрмейді. Маңдай терді тамшылатып еңбек етуді ар көреді. «Ауырдың үстімен, жеңілдің астымен» жүргісі келеді. Осының бәрі баланы жастайынан еңбекке үйретпегендіктен.

Ержетіп, отбасын құрғанда, не істерін білмей, тұйыққа тіреліп, отбасын асырауға шамасы келмейді. Ал ауыл әкімдері ауыл тұрғындарының үйіргелік жерінің бос жатпауын қадағалап, оған қажетті ағын су, т.б. мәселелерді шешіп беріп, әрбір отбасының өздері азық-түлік өнімдерін дайындауына ұйытқы болуы керек-ақ.

К.ЕЛІКБАЕВ.

Мамандығым – болашағым

Көксәйек елді мекенінде орналасқан Түркістан көпсалалы-техникалық колледжінде жастардың, студенттердің қатысуымен «Мамандығым – болашағым» тақырыбында ашық есік күні өтті.

Жұмысшы мамандықтар жылына орай ұйымдастырылған жиынға аудан әкімінің орынбасары Бағдатбек Жанғазиев қатысып, ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың халыққа арнаған Жолдауында кәсіптік білім беру саласын реформалау және жұмысшы мамандықтарының беделін арттыру жөніндегі бастамалар Қазақстанның экономикалық және әлеуметтік дамуының маңызды бөлігі болып табылатынын атап өткенін айтты. Ол жастарды кәсіби білім алып, еңбек нарығында сұранысқа ие мамандық иесі атануға шақырды.

«Төлеби-ақпарат».

«Мәртебелі кітап» апталығы өтуде

Өздеріңізге мәлім болса керек, жыл сайын кітапханашылар мен оқырман қауым 16 сәуірді «Ұлттық кітап күні» мерекесі ретінде атап өтетін болды. Аудандық

сөздерін еске салды. Ақсәуленің шәкірттері – кітапхананың белсенді жас оқырмандары ұлы Абай

мен әдебиеті пәні мұғалімі Ақсәуле Қойшыбаева кітапқұмарларға жылы лебіз білдірді. Ұлы тұлғалардың кітап туралы айтқан қанатты сөздерін еске салды. Ақсәуленің шәкірттері – кітапхананың белсенді жас оқырмандары ұлы Абай атамыздан бастап, белгілі қазақ ақындарының және өз өлеңдерін нәшіне келтіріп жатқа оқыды. Ленгіндегі арнайы мектеп-интернаттың тәрбиешісі Динара Тасмурзаева оқырман қауымды мерекесімен құттықтап, осы мектептің бірнеше оқушысы М.Өтемісұлының, М.Мақатаевтың, М.Шахановтың өлеңдерін жатқа айтты.

Ленгіндегі Тоғыс шахтасында әскери бөлімдегі рота командирінің орынбасары Батыр Бестібаев бастап келген сарбаздар да қазақ ақындарының өлеңдерін

оқып, домбыра тартып, өз өнерлерін көрсетті. Жас кітапханашы Кәмила Құлманова жергілікті ақын Орынбасар Сүттібаевтың туған жерге арнаған өлеңдерін оқыды.

Мерекелік шарада «Төлеби туы» газеті бас редакторының орынбасары О.Сүттібаев сөз сөйлеп, жас оқырмандарды кітапты, газет пен журналды барынша көбірек оқып, рухани мол азық жинауға шақырды. Салтанатты мереке соңында жас оқырмандар викториналық, логикалық сұрақтарға жауап беріп, кітап мерекесін қызықтыра түсті. «Мәртебелі кітап» апталығы эстафетасы аудан кітапханаларында жалғасын табуда.

Ә.МОНТАЕВА,
аудандық орталықтандырылған кітапхананың кітапханашысы.

ТАСТАНОВА Ұлжалғас



Бар ғұмырын білім саласына арнаған әріптесіміз **ТАСТАНОВА Ұлжалғас Келтайқызы** кенеттен өмірден озды деген суық хабар баршамыздың қабырғамызды қайыстырып кетті. Әй, өттең, жалған дүние-ай! Тастанова Ұлжалғас Келтайқызы 1964 жылдың 28 қарашасында Қазығұрт ауданы, Қаратас ауылында дүниеге келген.

Еңбек жолын 1987 жылы Төлеби ауданындағы К.Марс атындағы орта мектепте неміс және ағылшын тілі пәндерінің мұғалімі болып бастап, осы білім ордасында 2008 жылға дейін ұстаздық етті.

2008 жылы №8 кәсіптік лицейге психолог маман болып ауысты. 2009 жылдан ғұмырының соңына дейін аудандық білім бөлімінің бас маманы болып абыроймен қызмет атқарды.

Ұлжалғас Келтайқызы Төлеби ауданының білім бөлімінде 16 жыл бойы жауапты саланы ұршықша иіріп, өзінің жоғары жауапкершілігін, өз ісіне адалдығын, біліктілігін, іскерлігін көрсете білді. Ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, тағдыр тауқыметін тартқан балаларға қашанда жанашырлық танытып, мейірімін төгіп, дұрыс шешім қабылдай білген абзал жан еді. Талапшылдығының, жауапкершілігінің арқасында ұжымда абыройлы болып, еңбегі елеусіз қалмады.

Білім саласында ұзақ жылдардан бері басшылық қызмет атқарып жүрген жұбайы Мырзақұл Аленұлына, ұл-қыздарына, ағайын-туыс, бауырларына қайғыра көңіл айтамыз. Марқұмның жатқан жері жайлы, топырағы торқа болсын!

Ұлжалғас Келтайқызының мейірімді, жарқын келбеті жүрегімізде мәңгі сақталады.

Бақұл бол, қадірлі әріптесі!

АУДАНДЫҚ БІЛІМ БӨЛІМІ ЖӘНЕ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ КӘСПОДАҒЫНЫҢ АУДАНДЫҚ КОМИТЕТІ.



Төлеби ауданына қарасты ауылдық округтерде мүйізді ірі қара малды көктемгі кенеге қарсы бүрку, сонымен қатар қора жайлар мен жапсарлас аумақтарды және мал суаттарын залалсыздандыру жұмыстары жүргізілуде. «Төлеби ауданының ветеринариялық қызметі» МКК мамандары аталған жұмыстарды жуырда жаңадан алынған техниканың көмегімен атқаруда.

«Төлеби-ақпарат».

Жарамсыз деп табылсын

Оразалиев Нуржан Жолдасұлының меншігіндегі «BA3 21099» маркалы автокөліктің M093LMM мемлекеттік тіркеу номері (алдыңғы, артқы) және техникалық төлқұжаты жоғалуына байланысты жарамсыз деп табылсын.

Ақбастау жалпы білім беретін мектебінің ұжымы осы мектептің тарих пәні мұғалімі Үсіпбаева Айгүлге әкесі **ҮСІПБАЕВ Шынарбектің** қайтыс болуына байланысты көңіл айтып, қайғысына ортақтасады.

Мәдени жалпы білім беретін мектебінің ұжымы осы мектептің дене шынықтыру пәні мұғалімі Үсіпбеков Бақытқа анасы

БАЛАБЕКҚЫЗЫ Аманқыздың қайтыс болуына байланысты көңіл айтып, қайғысына ортақтасады.



орталықтандырылған кітапханада «Ұлттық кітап күні» мерекесі салтанатты жағдайда ашылып, ауданда «Мәртебелі кітап» апталығы бастау алды.

Мерекелік шараға құрметті қонақтар шақырылып, оқырман қауым кітап көрмесімен танысты. Тәрбиешісі Эльмира апайлары бастап келген «Алина» балабақшасының бүлдіршіндері салтанатты шараға қатысушыларға мың бұралып би билеп берді, кітаптан жаттап алған тапқатарын айтты.

Аудандық орталықтандырылған кітапханалар жүйесінің библиографы Райхан Сәрсембекова сөз сөйлеп, осында жиналған көпшілікті мерекесімен құттықтады, кітап көрмесімен таныстырды.

Мерекеге өз шәкірттерімен бірге келген Ленгіндегі №2 Ш.Уәлиханов атындағы жалпы орта мектептің қазақ тілі

Түркістан облысы білім беруді дамыту орталығының жылдық жоспарына сәйкес 2025 жылдың 17-18 сәуір күндері Отырар ауданындағы «Оқсыз» спорт кешенінде қазақ күресінен «Ұстаз барысы – 2025»

анықталды. Төлебилік ұстаз Әбубәкір Орынбек «Ұстаз барысы – 2025» байқауының абсолют чемпионы боп танылды! 100 кг салмақ дәрежесінде

өнер көрсеткен палуан ұстаз – Т.Тоғысбаев атындағы жалпы білім беретін мектептің мұғалімі. Ол бұған дейін аудандық кезеңде жақсы нәтиже көрсетіп, облыстық кезеңге жолдама алған болатын.

Жеңімпаздар мен жүлдегерлер Түркістан облысы білім беруді дамыту орталығы, Түркістан облысының дене шынықтыру және спорт басқармасы, Түркістан облысы білім және ғылым қызметкерлерінің жергілікті кәсіподағы, сондай-ақ Отырар ауданы әкімдігі тарапынан берілген арнайы марапаттар мен ақшалай сыйлықтарға ие болды.

Бұл байқау ұстаздардың тек білім саласында ғана емес, спортта да белсенді, жігерлі, рухы мықты тұлға екенін дәлелдеді.

Төлебилік ұстаз – түйе палуан!



байқауының облыстық кезеңі өтті.

Байқауда 100-ден аса мұғалім 7 салмақ дәрежесінде күш сынасты. Жоғары деңгейде өткен тартысты белдесулер нәтижесінде шын мықтылар

Республикалық байқауда бас жүлде

қатысты. Қазақ халқының байырғы мәдениетінің тарихында айрықша орны бар ұлы ақын, күллі күншығыс мұсылмандарының рухани ұстазы болған ұлы ойшыл, діни қайраткер Қожа Ахмет Ясауидің хикметтерін дәріптеу мақсатында өткен республикалық Ясауитану байқауында төлебилік оқушы Бас жүлдеге лайық деп танылды! Ол – Қазанғап Байболов атындағы жалпы білім беретін мектептің 10-сынып оқушысы Қолтай Феруза (суретте оң жақта). Бұл – терең білім мен тынымсыз еңбектің, ізденіс пен табандылықтың жемісі!

Жеңімпаз шәкіртке бағыт-бағдар беріп, байқауға дайындаған жетекшісі – қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Құдиярова Шолпан ұстаз (суретте сол жақта).

Қатысушылар «Ясауи мұрасы – балаға аманат», «Білімді мыңды жығар алысқанда», «Ой жүйрік» атты үш кезең бойынша өзара сайысқа түсті. Оқушылар хикметтерді жатқа оқып, ұғымдарды түсіндірді, сондай-ақ Қожа Ахмет Ясауидің өмірі мен шығармашылығына қатысты сұрақтарға жауап берді.

Бұл жеңіс – тек мектеп ұжымының емес, Төлеби ауданының мақтанышы!

Бір айта кететіні, Феруза біздің редакциядан шығатын ұстаздар мен оқушыларға арналған «Білім әлемі» газетіне жазған мақалаларын жиі жолдап тұрады. Шығармашыл шәкіртке жеңісті күндерің көп болсын дейміз!

Оқырман назарына!
«Төлеби туы» газетінің келесі саны 2025 жылғы 6 мамыр күні шығады.

Редакция.

«Төлеби-ақпарат».

Ақжібек – Азия чемпионы!

● **Бәрекелді!**

дықпен ұтып, алтыннан алқа тағып, Азия чемпионы атанды!

да Ақтау қаласында Азия және Океания Чемпионатында III орынға ие болған



Өзбекстан астанасы Ташкент қаласында сәуірдің 13-18-і аралығында спорттық және жауынгерлік самбодан 2008-2009 жылы туған жасөспірім ұлдар мен қыздар, жастар арасында Азия және Океания чемпионаты өтті.

Байрақты бәсекеге 25 мемлекеттен 400-ден аса жас самбошы қатысты. Қазақстан ұлттық құрамындағы №3 балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінің шәкірті Ұзақбаева Ақжібек (суретте сол жақтан екінші) 50 кг салмақта спорттық самбодан өнер көрсетіп, барлық қарсыластарын айқын басым-

Жалпы, Қазақстан жасөспірім қыздар құрама командасы бұл чемпионатта 5 алтын, 5 күміс, 5 қола медальға қол жеткізіп, II орынға тұрақтады. Ал жастар арасында қазақстандықтар 8 алтын, 5 күміс, 13 қола медальға ие болып, I орынға шықты.

Естеріңізге сала кетейін, Ұзақбаева Ақжібек самбодан Түркістан облысының абсолютті чемпионы, 2024 жылы сәуір айының 5-9-ы күндері аралығында Ақтөбе қаласында өткен ҚР чемпионатында 44 кг салмақта өнер көрсетіп, спорттық самбодан ҚР чемпионы атанған болатын. Сол жылы мамырдың 11-15-і күндері аралығын-

өді. Енді, міне, биыл Ақжібек Азия чемпионы атанып отыр.

Ақжібекті және бапкері дзюдодан және самбодан халықаралық дәрежедегі спорт шебері, самбодан Әлем чемпионы Нәбиев Мәдиді Азия чемпионатындағы жоғары жетістіктерімен құттықтаймыз!

Алдағы уақытта Ақжібек ару қызымыз жан-жақты дайындықпен Әлем чемпионатына қатысып, көк туымызды көкте желбіретеді деп сенеміз!

Н.КЕНБАЕВ,
аудандық №3 балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінің әдіскері.

Жалпыаудандық сенбілік

Түркістан облысы әкімдігімен бекітілген іс-шара жоспарына сәйкес, «Таза Қазақстан» республикалық экологиялық бағдарламасының «Жасыл толқын» кезеңіне орай аудан аумағында жалпыаудандық сенбілік өтуде.

Тазалық шарасы жұма және сенбі күндерге белгіленіп, барлық ауылдық округтер өз әкімшілік аумақтарында сенбілік ұйымдастырып, жол жиегі, көше бойы, саябақ, скверлерді, арық-атыздарды күл-қоқыстан тазалап қана қоймай, ағаш егу, құраған ағаш бұталарын кесу, ағаш түптерін өктеу жұмыстарын жүргізуде. Сонымен қатар сенбілікке шыққан белсенділер өзен жағалауларын күл-қоқыстан, сыңған ағаш бұтақтарынан, өзен ағысына кедергі келтіретін пластик, шыны бөтелкелерден тазартуда.

Өткен аптадағы кезекті сенбілік Ленгір қаласындағы ұзындығы 8 шақырымды құрайтын Ленгерка өзенінің бойын түрлі

қоқыстардан тазарту мақсатында өтті. Аудан халқы, еріктілер, жастар, кәсіпкерлік нысан иелері, мекеме қызметкерлері, жалпы 1200 адам, 25 техника жұмылдырылған тазалық шарасында 28 тонна қоқыс жиналып,



арнайы орынға шығарылды.

Аудан халқы арасында экологиялық мәдениетті қалыптастыру мақсатында «Таза Қазақстан» республикалық экологиялық акциясы аясындағы сенбілік шаралары жыл бойы жалғасын табады.

«Төлеби-ақпарат».



Біздің мекенжайымыз: 161101, Қазақстан Республикасы, Түркістан облысы, Ленгір қаласы, Төле би көшесі, 111 "Б" үй.

Меншік иесі: «Төлеби туы kz» қоғамдық-саяси газетінің редакциясы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ЖШС ДИРЕКТОРЫ –
БАС РЕДАКТОР
РАХМАНҚҰЛОВ
Әбдімәлік
Түймебекұлы
8-701-408-72-32

Бас редактордың орынбасары
Орынбасар СҮТТІБАЕВ (экономика және руханият)
8-706-413-11-56.
Бөлім меңгерушісі Ақжан ИМАНАЛИЕВА
(әлеумет, бұқарамен байланыс)
6-23-23, 8-702-494-81-71
Бас есепші Жанар ЕРЕЖЕПОВА
8-705-887-51-61.
Дизайнер Нұргүл МАМЫТХАНОВА
8-705-897-01-02 (жарнама)

Газеттің осы нөміріне жауапты кезекші
Ақжан ИМАНАЛИЕВА.
Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, «АР-принт-1» ЖШС-нің баспаханасында басылды.
Баспаханың мекенжайы:
Шымкент қаласы,
Тәшенов көшесі, №24 үй.
Газетке жазылу индексі 66744
Таралымы 3024 дана. Тапсырыс №

Газет аптасына бір рет, жұма күні шығады. Редакция материалдардағы фактілердің дұрыстығына автор жауапты екендігін ескертеді. Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұны үшін редакция жауап бермейді.

«Төлеби туы» газеті Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінде 2013 жылғы 20 маусымда тіркеліп, №13693-Г куәлігі берілген.